

**I. «Тілші-әдебиетшілер» конкурсы**

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде үйренген оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен білімдерін бағалау жарысы.

2. **Мақсаты** – қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгерген оқушыларды ынталандыру.

3. **Шарты:** қатысушылар 2 бөлімнен тұратын және тест сұрақтарынан құралған сынақ тапсырады: 1-бөлімнің тапсырмалары қазақ тілі пәнінен (7-10 сынып, қазақ және орыс тобы) құрастырылады (барлығы 25 тест сұрағы). 2-бөлімнің тест сұрақтары қазақ әдебиеті пәнінен (7-10 сынып, қазақ және орыс тобы) құрастырылады (барлығы 25 тест сұрағы).

4. **Сынаққа берілетін уақыт мөлшері** – 60 минут.

5. **Сынаққа қатысты қосымша түсініктемелер** сынақ алдында айтылады.

**II. «Сөз шеберлері» конкурсы**

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде үйренген оқушылардың қазақ тілінде мәнерлеп оқып, өзіндік қабілеттерін көрсететін жарысы.

2. **Мақсаты** – қазақ тілінде мәнерлеп сөйлеуге машықтану, сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тану және көркем шығармаларды мәнерлеп, нақышына келтіріп оқу арқылы оқушыны ауызекі сөйлеуге төселдіру.

**3. Шарттары:**

- қатысушы 1 прозалық және 1 поэзиялық шығарманы (немесе үзінді) жатқа мәнерлеп оқиды;

- шығарманың тақырыбы ұлттық құндылықтарды (тарих, тіл, Отан, ұлттық тәрбие т.б.) насихаттау керек;

- мәнерлеп оқуға берілетін уақыт мөлшері (1 тақырып үшін) – 3 минут.

**4. Сөз шеберлері» конкурсы бойынша бағалау ұпайлары:**

Шығарманың сөздерін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу	Ұлттық құндылықтарды насихаттау	1) Дауысы мен дене әрекеттерінің үйлесімділігі 2) Сахнада өзін ұстау мәнері	1) киімі 2) жатқа оқуы 3) әуені (фон)
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай

**III. «Әнші-бұлбұлдар» конкурсы**

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде үйренген оқушылардың қазақ тілінде ән айтып, өзіндік қабілеттерін көрсететін жарыс.

2. **Мақсаты** – қазақ халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармаларын насихаттау және талантты жастарды анықтау, оларды көпшілікке таныту.

**3. Шарттары:**

- қатысушылар қазақ халық әндерін және қазақ сазгерлерінің шығармаларын орындайды;
- ұлттық құндылықтарды (тарих, тіл, Отан, ұлттық тәрбие т.б.) насихаттайтын әндер болу керек;
- әнді орындаушының вокалдық қабілеті бағаланады және әуен (минусовка) сапалы болу керек.
- ән жанды дауыспен орындалу керек және орындаушы әннің сөздерін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізе білу керек;
- ән мен саздың, қимылдың үйлесімділігіне, әнді көрерменге жеткізе білуіне және сахнадағы өзін-өзі ұстау мәнеріне назар аударылады;
- әнді орындаушы қазақтың ұлттық киімімен шығу керек;

#### **4.«Әнші-бұлбұлдар» конкурсы бойынша бағалау ұпайлары:**

<b>Әннің сөзін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу</b>	<b>Ұлттық құндылықтарды насихаттау</b>	<b>1) Ән мен саздың және қимылдың үйлесімділігі 2) Сахнада өзін ұстау мәнері</b>	<b>1) вокалы 2) әуені 3) киімі</b>
<b>5ұпай</b>	<b>5ұпай</b>	<b>5ұпай</b>	<b>5ұпай</b>

#### **IV. «Жас ғалымдар» конкурсы**

1. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты бір тақырыпты қазақ тілінде ғылыми жақтан түсіндіру қабілетін бағалау жарысы.

2. **Мақсаты** – оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиетін насихаттау.

#### **3. Шарттары:**

- ғылыми жоба тақырыбы қазақ тілі мен әдебиетіне (тарихы, теориясы, өзекті мәселелері т.б.) қатысты болу керек;
- қорғаушының ғылыми жобаны тіл табиғатын сақтап жеткізуі, тың тақырыпты таңдауы, жаңалығы бағаланады;
- ғылыми жұмыс стандарттағы ғылыми жобаның жазылу шарттарына сәйкес дайындалуы керек (ғылыми жетекші мен сарапшының пікірі болуы керек);
- қорғаушы өз жұмысын қорғағанда, компьютер, проектор, плакат секілді құралдарды қолдана алады;
- қазақ ұлттық киімімен шығу керек;
- қорғаушыға берілетін уақыт мөлшері – 10 минут.

#### **1. «Жас ғалымдар» конкурсы бойынша бағалау ұпайлары:**

<b>Ғылыми жобаны тіл табиғатын сақтап жеткізу, тақырыбын аша білуі</b>	<b>Тың тақырып, жаңалығы</b>	<b>1) ғылыми жоба талаптарына сай орындалуы 2) дизайны</b>	<b>1) Киім 2) Уақыт</b>	<b>Жұмысқа қатысты қосымша сұраққа жауабы</b>
<b>5 ұпай</b>	<b>5 ұпай</b>	<b>5 ұпай</b>	<b>5 ұпай</b>	<b>5ұпай</b>

## **V. «Жазушылар» конкурсы**

**1.** Оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалау жарысы.

**2. Мақсаты** – жасөспірімдерді отансүйгіштік, ерлік, қаһармандық рухында тәрбиелеу, жазуға талапты балалардың қабілет-қарымын ұштау, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденіске жұмылдыру.

### **3. Шарттары:**

- оқушы өз ойын қара сөзбен және өлең түрінде жаза алады. Туындылардың әдеби-көркемдік жағы, тәрбиелік-танымдық мазмұны бағаланады;

- эссе көлемі (оқушы дәптері) 2 беттен кем болмау керек;

- жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 90 минут.

- эссе тақырыптары: қазақ тарихы, мәдениеті, әдебиеті, Тәуелсіз Қазақстанның өркендеу жолы, жетістіктері, еліміздегі ұлтаралық, дінаралық келісімнің маңыздылығы, бірлік пен татулық, ерлік пен батырлық, руханият, әдептілік қағидалары, зиянды әдеттер т.б. *(қатысушы өзімен бірге дәптер ала келуі тиіс)*